

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 193 (9255) | 1953 жылғы 25 сентябрь Жұма | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Зябь жырту жоспары әрбір колхоз бен совхоз бойынша толық орындалсын

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын мықты өркендетуді қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар ірі-ірі шараларды белгілеп, оны міндет орындауды ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына шұғыл міндет етіп қойды. «Міндет мынада, — делінген Пленумының қаулысында, — таяудағы 2—3 жылдың ішінде өліміздің халқының азық-түлік өнімдері жөніндегі өсіп отырған қажетін мольнан қанағаттандыру, жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен мольнан қамтамасыз ету». Облыс колхоздарының, МТС-тер мен совхоздарының еңбекшілері осы жауапты міндетті жүзеге асыру үшін барлық күштерін егін ору, астық дайындау жоспарларын тез орындауға, мал қысқатуды үлгілі әзірлеуге және басқа да шаруашылық жұмыстарын қызу жүргізуге жұмылдыруда. Бұл жұмыстарда творчестволық инициативаны өрістете түсуде.

Ауыл шаруашылығын өркендетуде, оның ең ірі саласының бірі — егіншілік мәдениетін арттыра берудің зор маңызы бар. Бұл істе, әсіресе, зябь жырту шешуші рөл атқарады. Сапалы жыртылған зябь егістік жерлердің топырағында егіске қажетті ылғалды мол болуына, қоректі заттардың көп жыйналуына жағдай туғызады. Сонымен қатар, арам шөптер мен зиянды жәндіктердің жойылуын қамтамасыз етеді.

Жаздық дақылдарды зябь пен парға егу көктемгі егіс кезіндегі жүргізілетін жұмыстарды көп жеңілдетеді. Сөйтіп, егіс жұмыстарының көктемнің қолайлы мерзімінде, агротехникалық ережелерге сәйкес аяқталуына мүмкіншілік туғызады. Мұның өзі егіннен мол өнім алуға қамтамасыз етеді. Зябь жыртудың егіннен мол өнім алуға осындай маңызы барлығын облыстың оңат колхоздары мен совхоздарының тәжірибелері талай рет дәлелдеді.

Быйыл облыстың барлық аудандарында зябь жыртуды егін жыйнау, астық дайындау, күздік егу жұмыстарымен қатар жүргізуге күш-мүмкіншілік жеткілікті болды. Бірақ, амал не көптеген аудандарда бұл жұмыс ұзақ уақыт кезекке қойылып келеді. Зябь жыртуға техника, көлік күштерін бөлуге және оны ойдағыдай жүргізуді ұйымдастыруға көптеген колхоздардың басшылары мал бергені. Осы

тұда артта қалушылықты бүркемелей алмайды. Техника жағынан толық жабдықталған Возвышен, Ұзынкөл совхоздарында зябь жырту жоспары 8 проценттен, ал Шағлы, Степной совхоздарында 12—13 проценттен ғана орындалған. Солдай бола тұрсада, бұларда зябь жыртуға бөлінген трактор агрегаттарынан жұмысты өнімді істеу талап етілмейді. Трактор бригадаларына, тракторшыларға сменалық және өскүндік тапсырмалар кезінде берілмейді, машинаға техникалық күтім уақытылы жүргізілмейді. Осылардың барлығы уақыттың босқа өтуіне, тракторлардың кейбір бөлшектерінің сынып, іске жарамсыз болып қалуына, ақырында, тапсырманың орындалмауына әкеліп соғуда.

Колхоздар мен совхоздарда зябь жыртудың кезекке қойылып кешіктірілуі және оұл жұмысты жүргізуде өрескел олқылықтарға жол берілуі салдарынан облыста 20 сентябрьге дейін зябь жырту жоспары колхоздар бойынша небары 15,1 процент, совхоздар бойынша 25,4 процент қана орындалды. Бұл жағдайға тезуге болмайды.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы үстіміздегі жылы колхоздар мен совхоздарда алдағы жылдың бүкіл жаздық егісі үшін зябь, пар жыртуды қамтамасыз ету міндетін қойды. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін барлық колхоздар мен совхоздарда зябь жыртуға бөлінген трактор агрегаттарының жұмыс өнімділігін арттыру керек. Зябь жыртуды екі сменалық күні-күні бірдей жүргізуді ұйымдастырумен өрге, әрбір трактор бригадаларына, тракторшыларға сменалық және өскүндік графиктер күнілері берілсе, оның қалыңсыз орындалуын қадағалап отыру қажет. Егін жыйнау аяқталмаған колхоздарда комбайндарды сүйреген тракторларды түнде зябь жыртуға пайдалануды ұйымдастырған жөн. Өзір трактор орындасында машинаға техникалық күтім уақытылы жүргізілсе, олардың өнімді жұмыс істеуіне барлық жағдайы туғызу керек.

Колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың агрономдары зябьдың қосымша түрлерін плугпен тасты төрөндікте, жал қалдырмай жырттылуын күн-өк күн бақылап отыруға міндетті. Колхоздардың, совхоздардың басшылары тракторларға керекті жанар, жағар майлардың, судың уақытында жеткізілуін, анықтап сақанды таны-

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мәжілістері

1953 жылғы 24 сентябрьдегі мәжіліс туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

24 сентябрьде таңертеңгі сағат 10-да, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мәжіліс залында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы ашылды.

Председательдік етуші — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі депутат **Ғ. Ш. Қаржаубаев**.

Сессия депутат **Б. Төтенаны** Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі орынбасарының міндетінен босатты. Ақтөбе, Гурьев, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарының бір топ депутаттары атынан шығып сөйлеген депутат **М. И. Хесостовтың** ұсынысы бойынша, сессия депутат **Б. Бекшеваны** (Қарабұтақ сайлау округі, Ақтөбе облысы) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Председателінің орынбасары етіп бірауыздан сайлады.

Председательдік етуші — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі депутат **Ғ. Ш. Қаржаубаев** он сайлау округі бойынша шығып калған депутаттардың орнына сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советі депутаттарының өкілдіктерін тексерудің нәтижелері туралы баяндама жазау үшін мандат комиссиясының председателі депутат **С. Т. Бектөлеу**не сөз берді.

Депутат **Ә. Айтмұхамбетовтың** ұсынысы бойынша сессия мынадай қаулы алды: «Мандат комиссиясының баяндамасын тыңдап, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді: Мандат комиссиясының баяндамасы белгілені және № 256 Степняк-қалалық, № 299 Горняк, № 113 Теренөзек, № 222 Қызыл ту, № 78 Сайрам, № 255 Жолымбет, № 237 Ново-Ишим, № 236 Қазрошы-селоалық, № 37 Ассы, № 262 Ұлытау сайлау округтері бойынша 1953 жылғы 29 марта және 1953 жылғы 28 июльде сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советі депутаттарының өкілдіктері дұрыс деп табылсын».

Председательдік етуші — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі депутат **Ғ. Ш. Қаржаубаев** Қазақ ССР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясының қарауына мынадай мәселелер ұсынылатынын хабарлады:

1. Қазақ ССР-нің 1953 жылға арнал

Партия мен үкметтің қамқорлығына нақтылы іспен жауап берейік



Баян МТС-нің жұмысшы-қызметшілер коллективі СОКП Орталық Комитеті Пленумының материалдарын оқып үйренуде. СУРЕТТЕ: Үгітші **И. Карпов** жолдастың МТС жұмысшылары мен қызметшілері арасында Пленум қаулысы туралы әңгіме өткізіп отырған кезі. Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

Мал шаруашылығын өркендете береміз

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында қоғамдық мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру, бұл үшін малдың тұқымын асылдандыру, егіншіліктің мәдениетін көтеру арқылы еңбекшілердің ауылшаруашылық өнімдеріне, жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа деген өсіп отырған қажетін қанағаттандыру міндеттері қойылды.

Біздің колхоз бұдан 4—5 жыл бұрын шаруашылығы шағын артельдердің бірінен саналатын. Соңғы жылдары ауылшаруашылық артельінде еңбекті дұрыс ұйым-

102 процент орындалды. Фермада 103 сауын сыйыр бар. Сол сияқты, мал өсірудің жоспарлары жылқыдан — 105 процент, қойдан — 121 процент, құстан — 153 процент орындалды. 1 октябрьге дейін шошқа өсіру жоспарын да толық орындаймыз. Кәзір фермада 220 шошқа бар.

Қоғамдық мал шаруашылығының өркендей түсуі — күнәрлы жемшөпті мол дайындауға тікелей байланысты. Быйыл колхозда 10 мың центнердей көк шөп дайындалды. Өлі де осы мөлшерде шөп дайындамақпыз. Біз егіннің сабаны мен топананы шөмелдеп, маяға ездуды тыңғы-

қымын асылдандырудың нашарлығынан деп түсіну керек. Колхоз басқармасы бұл кемшіліктерді шұғыл жоюдың шараларын белгіледі. Осы мақсатпен быйыл жаңадан 500 саулық тұратын бір стандарты қой қорасы салынды. Малдарды азықтандыру көкшөп конвейеріне көшіріледі. Мұнымен бірге таяудағы 2—3 жылдың ішінде малдардың тұқымын негізінен асылдандырмақпыз. Бұл жөнінде көздің өзінде бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. Колхоздың аға шопаны Батурлы жолдае екі жылдың ішінде колхозда тек қана биязы жүнді қойларды өсіруге жетсуді өз міндетіне алды. Ол алдан міндетіне жүй-

ның салдарынан зияб жыртуда алдыңғы қатарда келе жатқан Октябрь ауданының өзі колхоздар бойынша 20 сентябрьге дейін зияб жырту жоспарын небары 40 процент орындап отыр.

Зияб жыртуда, әсіресе, Булаев ауданы артта келеді. Мұнда зияб жырту жоспары аудан колхоздары бойынша бар болғаны 2,6 процент орындалған. Осыған қарамастан, ауданның көп колхоздары әлі күнге дейін зияб жыртуға шын мәнінде кіріскен жоқ. Ал, зияб жыртуға кірісеті деген колхоздарда жұмыс өте қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Алайда, аудан басшылары, МТС директорлары зияб жыртудың бетімен жіберілгеніне, бұл жұмысты жүргізетін қолайлы уақыттың өтіп бара жатқанына қынжылар емес. Бұл сыяқты жайбарақаттық аудан колхоздарында зияб жырту жоспарының орындалмай калуы хаушін турғызып отыр. Зияб жыртудың барысы Ленин, Преснов аудандарында да осындай. Бұл аудандарда осы уақытқа дейін зияб жырту жөніндегі жоспардың оннан бірі де орындалған жоқ. Зияб жырту жұмыстарының барысы совхоздарда да нашар. Рас, Төдішев, Мамлют, Явленка совхоздары зияб жыртуды дерезінде, тыңғылықты ұйымдастырып, қызу жүргізіп келеді. Бірақ, бұл — облыстың басқа совхоздарындағы зияб жыртудың болмауын қамтамасыз етулері керек. Дала қостарында мәдениет жұмыстары жақсартылуы қажет. Механизаторлардың тұрмыстық қажетін өтеу мәселесіне үнем көңіл бөлудің зор маңызы бар. Демек, механизаторлардың мәдениет және тұрмыс мәселесі жөнінен қажеттері мен тілектерін толық өтеп отыру олардың еңбекке деген творчестволық ынта-жігерін арттырады. Сондықтан бұл мәселеге де айырықша көңіл бөлу керек.

Колхоздар мен совхоздардағы партия ұйымдары механизаторлардың өзара едәмсіз жарысын өрістетіп отырып, зияб жырту жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізуге нақтылы басшылық жасауға тиіс. Шаруашылық міндеттердің кезінде және жоғары дәрежеде орындалуы партия ұйымдарының үгіт-насихат және ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесіне байланысты. Олай болса, трактор бригадаларында үгіт-бұқаралық жұмысты мейлінше өрістетіп отырып, шаруашылық міндеттердің кезінде орындалуына жетісу керек.

Партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары зияб жырту жұмыстарының әрбір колхоз бен совхозда толық орындалуын ұйымдастырып, келесі жылдың барлық егестерінен мол өнім алудың негізін қалауға міндетті.

қан мемлекеттік бюджеті және СССР-нің 1951—1952 жылдардағы мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы есепті бекіту.

Бұл мәселені Қазақ ССР Министрлер Советі ұсынады.

2. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын бекіту.

Бұл мәселені Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы ұсынады.

Депутат **А. Ш. Ғалиеваның** ұсынысы бойынша бұл мәселелер сессияның күн тәртібіне бірауыздан енгізілді.

Бұдан кейін сессия күн тәртібіндегі бірінші мәселені талқылауға кірісті.

Председателік етуші—Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі депутат **Ф. Ш. Қарнауаев** Қазақ ССР-нің 1953 жылға ұрнатқан мемлекеттік бюджеті туралы және Қазақ ССР-нің 1951—1952 жылдардағы мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама жасау үшін Қазақ ССР Финанс министрі депутат **Т. Теләбаевқа** сөз берді.

Бюджет комиссиясының председателі депутат **Р. Ильашев** бюджет комиссиясының қосымша баяндамасын жасады.

Бұдан кейін күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жарыссыз басталды. Жарысөзде: депутат **А. И. Неклюдов** (Алматы-Микоян сайлау округі, Алматы қаласы), депутат **И. Омаров** (Сайрам сайлау округі, Оңтүстік Қазақстан облысы), Қазақ ССР Мәдениет министрі депутат **Х. Б. Байғалиев**, депутат **С. П. Горохов**, (Мамлют сайлау округі, Солтүстік Қазақстан облысы), депутат **З. П. Семенова** (Новгород сайлау округі, Қарағанды облысы), депутат **Т. Махмұтов** (Бұқтырма сайлау округі, Шығыс Қазақстан облысы), Қазақ ССР Сауда министрі депутат **Ж. Жанғезин**, депутат **К. Тасбаев** (Степняк-қазалық сайлау округі, Ақмола облысы), депутат **З. М. Майлыбаева** (Қызылорда орталық сайлау округі, Қызылорда облысы), депутат **Ө. Несіпбеков** (Алақөл сайлау округі, Талдықорған облысы), депутат **С. Т. Тұрғамбаев** (Гурьев облысы), Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және далайдау министрі депутат **Ф. Кәрібжанов**, депутат **К. Нұрбаев** (Абай сайлау округі, Семей облысы), депутат **С. Н. Арламанов** (Михайлов сайлау округі, Павлодар облысы), депутат **Ш. Байбатшаев** (Сарысу сайлау округі, Жамбыл облысы), Қазақстан кәсіпшілік кооперациясы Советінің председателі **В. Ержанов** сөйледі.

Осымен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясының бірінші мәжілісі жабылды.

дәстүрудің нәтижесінде қоғамдық өнімді мал шаруашылығы мен егіншіліктің мәдениеті дамып, колхоздың ақшадай табысы молаю түсті. Өткен жылы текана мал шаруашылығының өзінен енген табысы 80 мың сомға жуық болды. Бұл 1950 жылғыдан екі есе артық деген сөз. Быйылғы жылы мал шаруашылығының табысы 125 мың сомға жетпек.

Артель шаруашылығының өркендей түсуі колхозшылардың әл ауқат-мәдени тұрмысын жақсартуда. Колхозшылар өткен жылы әрбір еңбеккүнге екіжарым килограмнан астық алды. Сол сыяқты, еңбеккүндеріне ақшалай көп табысы алды. Быйыл колхозшылардың еңбеккүндеріне 5 килограмнан астам астық берілуі көзделіп отыр.

Колхоздың негізгі табысты шаруашылығы мал өсіру мен егіншілік. Кәзір шаруашылықтың бұл екі саласы бірдей дамып келеді. Колхоз үстіндегі жылы көктемгі егіс пен егін жыйнау маусымдарын ұйымшылдықпен өткізді. Мұның өзі егіннің әрбір гектарынан орта есеппен 15 центнерден, ал кейбір егіндік участоктардан 18—20 центнерден өнім алуға мүмкіндік берді. Осының барлығы колхоздың мемлекетке астық тапсыру және МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарларын мерзімінен бұрын орындап шығуына қолайлы жағдай жасады. Келесі жылдың егісіне сортты тұқым қажетінше дайындалып, құйылды.

Бізге қоғамдық мал шаруашылығы да өркендеп келеді. Колхоздың мал өсірушілерінің қажырлы еңбегінің нәтижесінде қарамал өсіру жоспары кәзірдің өзінде

лықты ұйымдастырдық.

Таяудағы негізгі міндет—малға жем-шөп әзірлеумен бірге, малды сурленген шөпшен, тамырлы жемістермен қамтамасыз ету болып есептеледі. Бұл—мал шаруашылығы өнімдерінің мол болуына мүмкіндік турғызады. Колхозда быйыл 2 мың центнерден астам тамырлы жемістер дайындалады. Біздің колхозшылар мал азығындық ауыспалы егіс жүйесін игеруде. Быйыл 200 гектардай көпжылдық екіне шөптен егіледі. Оның үстіне суданка шөбін ектік. Бұл шөптің шығымы жақсы болды. Оның әрбір гектарынан 35—40 центнерден өнім алынбақ. Шөптің бұл түрі біздің облыстың колхоздары үшін өте тиімді. Сондықтан біз келесі жылы суданка шөбі егісінің көлемін 2—3 есе ұлғайтуды көздеп отырмыз. Сол сыяқты, беде шөбін егу жұмысы да қызу қолға алынды. Қолда бар мүмкіншіліктерді толық пайдалана отырып, қоғамдық өнімді мал шаруашылығын тек сан жағынан ғана емес, одан өнетін өнімнің де мол болуын қамтамасыз етеміз.

Колхоз жылма-жыл мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі міндеттемелерді үнемі толығынан орындап келеді. Дегенмен бізде осы уақытқа дейін әрбір сыйбырдан 1000—1100 литрден ғана сүт алынып келеді. Әрбір қойдан алынатын сүтнің мөлшері де екі килограмнан аздап ғана асады.

Малдан алынатын өнімнің аз болуының басты себептерін біріншіден, малдарды қолда бағу ісінде елеулі кемшіліктерге жол берілуінен, екіншіден, малдардың тү-

зеге асыру ісін кәзірдің өзінде білек сыбана кірісеті. Батурин жолдас бұл күндері саулықтарды қолдан ұрықтандыруға дайындалуда. Қой шарылығын маусымына еті әрі жүні мол «элитті» асыу тұқымы қойлар пайдаланылады.

Колхозда мал шаруашылығында аянбай еңбек етіп, зор табысқа не болып жүрген колхозшылар аз емес. Мәселен, бұзау күтушілер Е. Черкасова, А. Прокопьева жолдастар жыл басынан 103 бұзауды шығынсыз өсіруде. Сөйтіп, колхозда мал шаруашылығының өркендей түсуіне келеді үлес қосуда.

Колхозшылар, әсіресе, мал шаруашылығының өнімін арттыруға жете мол беруде. Өйткені, бұл жөнінде біздің колхоз әлі күнге дейін айтарлықтай табыстарға жете алмай келеді. Сондықтан олар мал шаруашылығын өнімді мол беретін шаруашылыққа айналдыру арқылы «колхоздың экономикасын нығайта бермек. Бұл—колхоз мал өсірушілерінің пленум қаулысын жүзеге асыруға қосқан келеді үлесі болып саналмақ.

Біздің колхоздың колхозшылары СОМ Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын зор қуанышпен қарсы ала отырып, оны жүзеге асыруға жаппай кірісті. Олар қаулыға колхоздың егін және мал шаруашылықтарын өркендетуде айтарлықтай табыстарға не болумен жауап бермек.

И. КОТЛЯРЕНКО,
Совет ауданы, Каганович атындағы колхоздың председателі.

Монгол Халық Республикасының Ұлы Халық Хуралының Президиумына
МОНГОЛ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНЕ
УЛАН-БАТОР

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы мен ССР Одағының Министрлер Советі ауыр қазаға —Монгол Халық Республикасының Ұлы Халық Хуралы Президиумының Председателі **Г. Буманцэндэнің** ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ

23 сентябрь 1953 жыл.

қайтыс болуына байланысты Монгол Халық Республикасының Ұлы Халық Хуралының Президиумы мен Министрлер Советіне қатты қайғырып, көңіл айтады.

ССР ОДАҒЫНЫҢ МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

Монгол Халық Республикасының Сыртқы Істер Министрлігіне
УЛАН-БАТОР

ССРО Сыртқы Істер Министрлігі Монгол Халық Республикасының Ұлы Халық Хуралы Президиумының Председателі

23 сентябрь 1953 жыл.

Г. Буманцэндэнің қайтыс болуына байланысты қатты қайғырып, көңіл айтады.

ССРО СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Буманцэндэнің қайтыс болуы

УЛАН-БАТОР, 23 сентябрь. (СОТА). Бүгін Монгол Халық-Революцияшы партиясының қарт қайраткері, Монгол Халық Республикасының Ұлы Халық Хуралы Президиумының Председателі **Г. Буманцэндэ** қайтыс болды.

ҚАҢТ ҚЫЗЫЛШАСЫН ҚАЗУҒА КІРІСТІ

ТАЛДЫҚОРҒАН, (ҚазТАГ). Талдықорған ауданының Молотов атындағы колхозы қант қызылшасын жыйнауға кірісті. Жұмыс бригадалық әдіспен жүргізілуде. Ешбай Керімбековтың бригадасында егістің әр гектарынан орта есеппен 450 центнерден өнім алынады. Алғашқы күні күндік тапсырманы бригаданың бәрі асыра орындады. Бригадалық тәртіп жұмысты тасқынды әдіспен істеуге мүмкіндік берді. Қызылша қазылып алынып тазартылысымен сол күні-

лық Республикасының Ұлы Халық Хуралы Президиумының Председателі Гончигин **Буманцэндэ** қайтыс болды.

ТАУ ӨЗЕНДЕРІНІҢ ҚУАТЫ КОЛХОЗ ӨНДІРІСІНЕ ПАЙДАЛАНЫЛУДА

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Зырян ауданының Ленин атындағы колхозында су электр станциясы іске қосылды. СЭС-тің қуаты астық тасалатын қырманға, диірменге, колхозшылардың үйлеріне, мәдени-тұрмыс және өндірістік орындарға пайдаланылып отыр. Колхоз таяудағы уақытта радиоторап орнатып, мал шаруашылығындағы еңбекті көп тлейтін жұмыстарды механикаландыруға ұйғарды. Артельдің бухгалтериясы қырыманды электрлендірудің өзінен ғана колхоз мыңға жуық еңбеккүн үнемдейтінін есептеп шығарды.

(ҚазТАГ).

Кәсіп орнынан МТС-қа

Рамель Мұхамедеев техникаға жас кезінен-ақ құмар еді. Оның әкесі барлық өмірін тракторлар мен автомобильдерде жұмыс істеумен өткізді. Машинаға деген құмарлықты Рамель әкесінен үйренді. Ол Петропавлдың механизация техникумына оқуға түскенде үй іші оған разы болды.

Оқудағы жылдар тез өтті. Техникумда оқу колхоз даласындағы, МТС мастерскойындағы тәжірибе жұмыстарымен ұштастырыла жүргізілді. Рамель сабықты жақсы оқыды. 1950 жыл оның есінде ұмытылмастай сақталды. Студенттер техникум комбайндарымен машина-трактор станцияларына көмекке барды. Рамель Мұхамедеев «Сталинец—6» комбайнының штурвалын ұстады. Егіннің әрбір гектарынан 20—25 центнерден өнім жыйнау оны комбайнда жұмыс істеуге қызықтыра түсті.

Осы жылы Мұхамедеев ауыл шаруашылығының техник-механигі деген диплом алды. Бірақ, ол мамандық бойынша жұмыс істей алмады. Көшікпей жас маман кезекті әскери міндетін атқаруға армияға алынды. Армияда жүріп Рамель өзінің мамандығын да ұмыт қалдырмай жоқ. Техникалық әдебиеттерді жыйнап, ауыл шаруашылығын механикаландыру, агрономия мәселелері жөніндегі кітаптарды үзбей оқыды. Ол армияда Омбының ауылшаруашылық институтының механизация факультетінде сырттан оқу жөнінде шешімге келді.

Үстеміздері жылы Рамель армиядан

қайтып, Петропавлға келді. Мұнда ол заводқа жұмысқа орналасты. Қалада оқулықтарды тез табуға болады, екіншіден Омбыға жақын деп ұйғарды ол.

Шағын двигателдер заводының механикалық цехының жоспарлаушысы, комсомолец Р. Мұхамедеев СОМ Орталық Комитеті Пленумының қаулысын оқысымен ҚКЖО қалалық комитетіне келді.

—Мен Пленум қаулысын оқығаннан кейін мынадай қорытындыға келдім,— деді ол.—Менің орным МТС-те өкен. Сабаққа онда да жүріп даярланып, институтта сырттан оқып аламын.

Рамель Преснов МТС-на жұмысқа жіберуді сұрайды. Кәзір ол өзінің сүйікті жұмысы жөнінде терең ойла. Жұырда ол техника жаңалығынан кәзіргі комбайндардан жұмыс өнімділігі біржарым есе артық «С—8» комбайны туралы оқыды. Жаңа машина үлкен алқаптарғы егінді жыйнауға арналған.

—Бізге осындай комбайн болса,— дейді Рамель. Преснов ауданының далаларында мұндай машинамен еркін егін жыйнай аласың.

Заводта жұмыс істейтін ауылшаруашылық мамандары аз емес. Жақында завод партия бюросына мастер Владимир Вендель де ауыл шаруашылығына жұмыс істеуге жіберуді сұрап, арыз берді.

—Мен техникумды өзіммен бірге бітірген жолдастарыммен әңгімелестім.—дейді Мұхамедеев.—олар да МТС-ге барып, жұмыс істемек.

А. ШЫНЫБАЕВ,

Механизаторлардың қажырлы еңбегі

СОМ Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысымен жігерленген Торангүл МТС-нің (Октябрь ауданы) механизаторлары жұмыс қарқынын үдете түсті. Партия мен үкметтің социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуге, барлық ауылшаруашылық мамандарына, оның ішінде, механизаторларға жауап отырған қамқорлығына олар іспен жауап беруде.

Ленин атындағы колхозда зияб жыртуда №1 трактор бригадасы лайықты табыстарға жетті. Бригада келесі жылы осы колхозда жырталуға тиісті жердің 80 процентін кәзірдің өзінде өзірледі. Әсіресе, азат тракторшылар Ақматаев, Бөсқаков жолдастар қажырлы еңбек етті. Бұл трактор бригадасына маусымдық тапсырмасын асыра орындағаны үшін жұырда МТС-тің ауыспалы Қызыл туы берілді.

Осы колхоздағы жас комбайншы Сақатов жолдас егін ору мен аңызды сыдыра жыртуда күнделік нормасын екі есеге жуық орындап жүр.

Сталин атындағы колхозда орденлі комбайншы Вершинин жолдас жұмыс істейді. Ол «Сталинец—6» қос комбайнмен маусым басталғаннан бері төулігіне 25—30 гектардан егін жыйнайды.

Ал, комбайншы Ежер жолдас маусымдық тапсырмасын асыра орындады. Ол кәзір, көршілес «Смычка» колхозына көмек көрсетіп, осы колхоздың егінін жыйнап жүр.

Ғ. МАЛДЫБАЕВ,

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Партия шаруашылығы туралы

ККП Петропавл қалалық комитетінің пленумы қала партия ұйымдарында партия шаруашылығының жайы туралы қалалық комитеттің секретары Полинов жолдастың баяндамасын тыңдап, талқылады.

Пленум бірқатар бастауыш партия ұйымдарында партия шаруашылығын жүргізуде әлде едеулі кемшіліктердің бар екенін, партия мүшелері мен партия мүшелігіне кандидаттардың білімі, қызметі жөніндегі өзгерістер олардың есеп карточкаларына кезінде жазылмайтындығын атап көрсетті. Жарыссөзде сөз сөйлеуші Ключақ, Глазунова, Ваганов және басқа біршыра жолдастар, міне, осы жөнінде айтты. Киров атындағы завод партия ұйымының секретары Шатунов жолдае қалалық партия комитетін әділ сылады. Қалалық партия комитетінің бюросы, оның партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары бөлімі бастауыш партия ұйымдары секретарларының партиялық жұмыстың практикалық мәселелерін үйренуіне жеткіліксіз көмектеседі. Соңғы айларда өткен партия ұйымдарының есеп-беру сайлау жыйналыстарынан кейін, партия ұйымдарын басқаруға жас комсомунистер келді. Алайда, қалалық комитет оларды жыйнап, партия шаруашылығын жүргізу жөнінде нұсқау беруді ұмыттып отыр.

Қалалық партия комитетінің пленумы партия шаруашылығын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгіледі.

* * *

Петропавл аудандық партия комитетінің пленумы болды. Пленумда аудан партия ұйымында партия шаруашылығының жайы туралы ККП аудандық комитетінің секретары Қабунасов жолдае баяндама жасады.

Баяндама бойынша қызу жарыссөз басалды. Пленумға қатысушылар партия шаруашылығын жүргізудегі кемшіліктердің бетін батыл ашып, ол кемшіліктерді жою жөнінде бұталы ұсыныстар жасады. Кейбір партия ұйымдарының секретарлары партия шаруашылығын жүргізуде жауапсыздыққа салынады. Мысалы, Асанов МТС-і партия ұйымының секретары Шлыкков жолдае партия жыйналыстары қауыпшылығын дұрыс жазылуын ұйымдастырмайды. Жоғарғы партия орындарынан келген директивалар оқылмай, көнөртте жатып қалады. Чапиев атындағы, Буденный атындағы колхоздардың партия ұйымдарында да партия шаруашылығының жайы қанаттатынсыз.

Пленум күн тәртібіндегі мәселе бойынша шаралар белгіленіп, қаулы алды.

Партия активінің жыйналысы

Колхоз коммунистерінің авангардтық ролі

Буденный атындағы колхоздың жерінде бұрын екі колхоз болатын. 1950 жылы Тимирязев атындағы және Буденный атындағы колхоздар бірігіп, шаруашылығы іріленген, үлкен бір колхоз болды. Колхозымыздың іріленуі қоғамдық шаруашылықты оған әрі өркендетуге, колхоздың табысын анағұрлым молайтуға мүмкіндік берді.

Колхоздағы қол жеткен табыстарымыздың бәрі партия ұйымының басшылығымен тығыз байланысты. Партия ұйымы колхоз шаруашылығын өркендетуге ерекше назар аударып, жұмыстың жауапты участоктарына коммунистердің еңбекте өнеге көрсетуіне жетісіп келеді. Олардың көшшілігі өгіс бригадалары мен трактор отрядтарын және мал фермаларын басқарады.

Мәселен, партия ұйымы өгіс орағы кезінде коммунистердің авангардтық ролін арттырып отырды. Оларға партиялық талпырмалар беріліп, оның орындалуы бақыланды. Мысалы, № 2 трактор бригадасында есеп жұмысын жүргізетін коммунист В. Ефремов жолдаеа механизаторлар арасында саяси үгіт жұмысын ұйымдастыру, соның негізінде, бригадала еңбек өрлеуін туғызу ісі тапсырылды. Ол партия ұйымының бұл тапсырмасын мұқият орындады. Механизаторлардың социалистік жарысын жақын ұйымдастырды. Еңбек озақтарының іс-тәжірибелерін насихаттай білді. Бұл жөнінде Ефремов жолдаека партия ұйымы қажетті көмек көрсетті. Осының нәтижесінде бригадада жұмыс істейтін комбайншылар Еурбатов, Черников жолдастар тіркемелі комбайнмен 1310 гектар өгіс орып, 13280 центнер астық бастырды. Сөйтіп, олар МТС бойынша бірінші орынға ие болды.

Өгіс орағының барысында өгісшілер мен механизаторлардың ынтымақтасып жұмыс істеуі айғақ түсті. Мұның өзі өгіс орағын деркезінде аяқтап, оны бесарапсыз жыйнап алуға зор әсерін тигізді. Көзір колхоз өгіс оғу жөне мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын аяқтады.

Партия ұйымы колхозшылардың өлауқат және мәдени- тұрмыстық дәрежесінің жақсаруына да күнбе- күн көңіл бөліп отырады. Өткен жылы колхозшылар еңбеккүндеріне 3 килограмнан астық алған еді. Ал, үстіміздегі жылы өткен жылға қарағанда бір килограм астықты артық алғанды отыр. Мұның үстіне овоң және ақшадай табыс берілді. Быйыл екі колхозшыға жаңадан үй салынды. Бірқатар колхозшылардың үйі күрделі жөндеуден өтті. Колхозды дерзегіне онжылдық мектеп, кітапхана және радиоторабы жұмыс істейді.

Қоғамдық мал үшін жемшөп қорының берік базасын жасауға коммунистер еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде. Коммунист А. Воробьев жолдае өздігінен жүретін қоналымды шөп машинасымен шөп шауып, күндік тапсырмасын үлесі 150 проценттен орындап келеді. Партия ұйымы Воробьев жолдастың өзінің жұмыс тәжіри-

бесі жөнінде механизаторлармен пікір алысуын ұйымдастырды. Коммунистер мал азығының берік базасын жасау жөніндегі күресте колхозшы-шаруаларды бұдан былай да жаңа табыстарға бастай береді.

Әр бригада да, трактор отрядтарында үгітшілер жұмыс істейді. Партия ұйымы олармен жиі- жиі семинар кештерін өткізіп тұрады. Үгітшілер өздерінің әңгімелерін бригадалардың, трактор отрядтарының жұмысымен байланыстырып өткізеді. Олар жұмыстағы кесітістіктер мен кемшіліктер жөнінде нақтылы мысалдар келтіреді. Және колхозшылар мен механизаторлардың социалистік жарысының қорытындысын шығарып, оны көрнекті жерге іліп қояды.

Комсомолецтер — партия ұйымының жауынгер көмеңшісі, колхоздағы үлкен күш. Партия ұйымы комсомол ұйымының жұмысына бағыт беріп, оған көмектесіп отырады. Біздің комсомолецтердің көшшілігі дәрі бригадалары мен трактор отрядтарында істейді.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы өгіс шаруашылығын, сондай- ақ мал шаруашылығын оған әрі өркендету үшін еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру міндетін қойып отыр. Біздің колхоз бұл міндеттерді жүзеге асыруға кірісе бастады. Быйыл стандартты шошқа қорасы салынды. Мұнда мал азығын бұзандырып машина жұмыс істейтін болады.

Колхоз қой, жылқы, құс, шошқа өсірудің жылдық жоспарын орындады. Енді асықтан кейін ірі қарамал, оның ішінде, сыйыр өсірудің жоспары орындалды. Бұл күндері партия ұйымы колхоз басқармасының жұмысын, зияб жұртуды және мал қыратуға өзіндікті күшейтуге бағыттан отыр.

Дегенмен, біздің жұмысымызда әлі де болса бірталай кемшіліктер орын алып келеді. Мал қораларына шөп тасу қарқымы біауу. Колхоз картон, тамыржемігі өгістің көлемін кеңейте алмай келеді. Біздің колхозды қамтытын Пришім МТС-нің көмегі де жеткілікті дәрежеде емес. Шөп шөмделуе, үю сияқты, еңбекті көтілейтін жұмыстар механикаландырылған жоқ.

Пленум қаулысы колхоз шаруашылығын өркендетудің нақтылы шараларын белгілеп берді. Қаулы да көрсетілген міндеттерді аброймен орындау — бастауыш партия ұйымдарының бүгінгі таңдағы кезек күттірмейтін басты ісі болып отыр.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын басшылыққа ала отырып, колхоз партия ұйымы колхозшылар бұқарасын қоғамдық шаруашылықты оған әрі өркендетуге жұмылдыра береді.

И. МУРАЩЕНКО,

Пришім ауданы, Буденный атындағы колхоз партия ұйымының секретары.

Авансқа 5 килограмнан астық алды

«Путь Ленина» колхозының (Кониохов ауданы) өгісшілері быйылғы жылы бітік өгісін өсірді. Орта есеппен әр гектардан 100 пұттан, ал, № 3 бригаданың өгісшілері 300 гектар бидай өгісінің әр гектарынан 162 пұттан өнім алды.

Колхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын ауданда бірінші болып орындады.

Сол сияқты, колхозшылар еңбек күндеріне де көп астық алды. Мұнда әрбір еңбеккүнге авансқа 5 килограмнан астық, 1 сомнан ақша бөлінді. Озаг колхозшылар Ф. Маленьких, Д. Колосов, И. Шаврин жолдастар еңбеккүнге 300-500 пұттан астық, мыңдаған сом ақша алды. Еңбеккүнге астықты, ақшаны көп алған колхозшылар ондап саналады.

Колхоз басқармасы жыл аяғына дейін әрбір еңбеккүнге тағы да 2 килограмнан астық, 1 сомнан ақша беруді белгілеп отыр.

Б. ЖАҚЫПОВ.

* * *

Киров атындағы колхоз (Преснов ауданы) мүшелері жуырда алғашқы авансқа әрбір еңбеккүнге 2 килограмнан астық алды.

Жылқышы Х. Балапанов, шопан Ж. Бакин, сауыншы В. Ржевская сияқты колхозшылардың тапқан еңбеккүндеріне 100 пұттай бидай берілді.

Б. РАМАЗАНОВ.

Ет тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады

Облысымыздың совхоздары мемлекетке ет тапсыру жоспарын мерзімінен бір ай бұрын орындады. Тапсырылған еттердің көпшілігі жоғары сортлы. Әсіресе, Торангүл, Тоқшын, Мамлют, Октябрь және Явленка совхоздары мемлекетке ет есебіне тек қана қоңы жақсы малдарды тапсырды.

Октябрь совхозының гуртуправы Мырзағұлов жолдас мемлекетке жоғары сапалы ет тапсырылуын қамтамасыз ету жолына көп еңбек сіңірген. Ол қарамалындағы әр малдың еттілігінің артуын гәулігіне жоспар бойынша 500 грамм орнына 1100 грамм болуына жетіскен.

Сол сияқты Торангүл совхозының гуртуправы Таймекер жолдас та әр малдың тәуліктік салмағын 1900 грамма жеткізген.

«Ленин туы» газетінің дабылынан кейін

«Балықшылар мен балық туралы аңыз»

Газетіміздің үстіміздегі жылғы 14 августтағы номерінде жарияланған осы жақырыпты фельетон, а Октябрь ауданындағы «Қазақстанның 15 жылдығы» кәсіпшілік артелі басшыларының артель жұмысына нақтылы басшылық жасамай алмап отырғандығы, ауланған балықтардың сауда орнына түспей, тамыр-та-

Ирандағы жағдай

ТЕГЕРАН, 23 сентябрь. (СОТА). «Кейхан» газетінің хабарына қарағанда, соңғы уақытта Тегеранның бірнеше пункттерінде ұсақ демонстрациялар болған. «Шах» және «Джане» мешіттерінде бірнеше дінге сенушілер, соғыс губернаторының арызына қарағанда, «елдің мүддесіне қарсы бағытталған» ұрандар тастаған.

Соғыс өкмет орындары тұтқындау жүргізген, ал, «Джане» мешітінде жару қолданылған. Мешітте тұтқындалғандардың ішінде меджлистің бұрынғы депутаты Назер-Заде Кермани бар. Соғыс губернаторының хабарына қарағанда, тұтқындалғандар Луристан провинциясына жер аударылған.

ВЬЕТНАМ ХАЛЫҚ АРМИЯСЫНЫҢ ТАБЫСТАРЫ

ПЕКИН, 23 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі, Вьетнам информациялық агенттігінің хабарына сүйеніп, 14 сентябрь күні Вьетнам Халық армиясының бөлімдері француздар оккупациялаған провинцияның астанасы Хуанг-Эннен 5 километр жердегі жаудың Чур-Бандағы командалық пунктін жойғандығын хабарлайды. Ресми мәліметтерге қарағанда, деп атап көрсетілген хабарда, жаудың екі ротасы талқандалған. 6 зеңбі-

рек, 3 танк және 29 жүк машиналары, виллис автомашиналары жойылған.

Бұған дейінгі айта ішінде Вьетнам Халық армиясының бөлімдері жаудың Хуанг-Эн провинциясындағы ротасын қатардан шығарған болатын. Хабарда Халық әскерлері бұл провинцияда 27 июль мен 25 август арасында жаудың 280 солдатын қатардан шығарғандығы айтылған. Бұл уақыт ішінде жаудың 50 автомашиналары, танктері және көптеген ауыр нүлеметтері жойылған.

«Әттелаат» газеті соңғы үш күн ішінде соғыс өкмет орындары Тегеранда 80 адамды тұтқындағанын хабарлайды.

ПАКИСТАННЫҢ ТЕМЕКІ ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ ДАРДАРЫС

КАРАЧИ, 23 сентябрь. (СОТА). «До-он» газетінің хабары бойынша, Шығыс Пакистанның темекі кәсіпорындары жұмысшылары одағының председатели Сахур Ахмед Жаудхари баспасөз өкілдеріне жасаған мәлімдемесінде Пакистанның сауда және өнеркәсіп министрліктерін «50 мың жұмысшыны жұмыссыздық-

тан, ал ұлттық темекі өнеркәсібін күйзелістен» құтқаруға шақырған.

Ахмед Жаудхари шикізаттың жеткіліксіздігіне 500 темекі кәсіпорының 100-і көзірдің өзінде-ақ жабылды деп хабарлады; ал, қалған кәсіпорындардың келері жұмысшыларға бір айға жететін шикізатымыз бар деп хабарлады.

АҚШ ЧИЛИГЕ ҚЫСЫМ ЖАСАУДА

БУЭНОС-АЙРЕС, 23 сентябрь. (СОТА). Чили баспасөздерінің хабарларына қарағанда, Құрама Штаттар демократиялық елдермен сауда жасауға тығым салатын жуырда өзгертілген деклареттерді қайтадан күшіне келтіру мақсатымен Чили үкметіне қатты қысым жасауда.

«Эль Сигло» газеті Чилиге АҚШ үкметі және жез шығаратын американдық

кәсіпорындардың басшылары тарапынан бір мезгілде қысым жасалып отырғандығын атап көрсетеді. «Одан басқа, — деп жазады газет, — бұл қысым жездің жыйналған запасын сату және жезді шығару тек қана американдықтар мүддесін қанағаттандыруды талап етуші Чилидегі Американың дипломатиялық өкілдері арқылы да жүргізілуде».

АҚШ-ТЫҢ ГВАТЕМАЛАНЫҢ ІШКІ ІСТЕРІНЕ АРАЛАСУЫНА ҚАРСЫ

НЬЮ-ИОРК, 23 сентябрь. (СОТА). Гватемаланың «Трубуна популар» газетінің хабарына қарағанда, Гватемала үкметінің американдық бірлестігі «Юнайтед фрут компания»-ге қарасты жерлерді конфискациялау туралы қарарына байланысты елдің ішкі істеріне АҚШ-тың

араласуына наразылық білдіретін, Гватемала астанасында болған демонстрацияға 20 мың адам қатысқан. Демонстранттар колонналары президент сараының алдынан өткен; оларды Гватемаланың президенті Хакобо Арбенс құтықтаған.

АҚШ-ТЫҢ ЦЕЙЛОННЫҢ ІШКІ ІСТЕРІНЕ АРАЛАСУЫ

ДЕЛИ, 23 сентябрь. (СОТА). Цейлонның «Навасакти» газеті «АҚШ-тың Цейлонның премьер-министрі Сенанайякені орнынан түсіріп, оның орнына өзінің агенті Джейуорденді қою әрекеттері» туралы жазады. Газет көзіргі финан-

министрі Джейуорден Цейлондағы американдық саясатының белсенді жақтамы екендігін хабарлайды. Сол сияқты, газет Джейуорденнің американдықтар басшылығындағы террорлық ұйымдардың мүшесі екендігін де хабарлайды.

УРУГВАЙ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

МОНТЕВИДЕО, 23 сентябрь. (СОТА). 24 сағаттық жалпы ереуілі болды. Ереуілдің нәтижесінде елдегі темір жол қозғалысы тоқтап қалған.

24 сағаттық жалпы ереуілі болды. Ереуілдің нәтижесінде елдегі темір жол қозғалысы тоқтап қалған.

ССРО ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ ЖӘНЕ ӨРКЕНДЕТУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕКІНШІ ЗАЕМЫНЫҢ 2-ШІ ӨТЕУ ТИРАЖЫНЫҢ ТАБЛИЦАСЫ

Өтеу тиражы 1953 жылғы 7 сентябрьде, Симферополь қаласында өткізілді. Бұл өтеу тиражына шыққан облигациялардың нақты құны 1953 жылғы 1 октябрьден бастап төленеді.

Серия № №	Серия № №	Серия № №	Серия № №	Серия № №	Серия № №	Серия № №	Серия № №
020050	022390	024826	027242	029389	032204	035216	037310
020093	022403	024828	027243	029401	032229	035217	037319
020119	022413	024890	027268	029447	032389	035240	037349
020174	022432	025013	027298	029472	032391	035241	037424
020181	022444	025017	027326	029539	032424	035356	037429
020241	022493	025023	027327	029583	032497	035404	037472
020306	022503	025169	027340	029593	032603	035424	037527
020308	022532	025192	027376	029602	032863	035455	037607
020311	022545	025236	027390	029687	032878	035471	037629
020353	022650	025268	027425	029721	032899	035554	037662
020354	022679	025283	027488	029779	032932	035575	037704
020403	022685	025303	027536	029788	032960	035605	037738
020420	022874	025346	027540	029990	033067	035606	037740
020428	022891	025348	027549	030003	033097	035607	037839
020448	022902	025359	027630	030006	033099	035609	037842
020503	022946	025390	027665	030032	033124	035661	037867
020525	022972	025394	027727	030089	033159	035666	038075
020600	023034	025407	027785	030163	033168	035704	038100
020603	023187	025435	027831	030166	033281	035732	038110
020655	023225	025463	027937	030169	033325	035771	038126
020718	023257	025465	027940	030189	033336	035787	038160
020727	023274	025466	027943	030250	033379	035812	038168
020729	023302	025609	027961	030355	033385	035817	038185
020820	023368	025622	028013	030381	033428	035831	038188
020839	023387	025633	028040	030453	033474	035898	038206
020875	023440	025692	028045	030501	033483	035968	038229
020958	023476	025772	028055	030519	033550	036011	038233
021046	023479	025785	028084	030539	033560	036035	038269
021101	023539	025828	028090	030540	033565	036155	038298
021104	023552	025837	028135	030549	033616	036175	038328
021207	023591	025979	028182	030671	033663	036189	038489
021225	023614	025995	028245	030795	033709	036281	038583
021260	023633	026010	028267	030809	033825	036324	038728
021284	023701	026027	028272	030812	033978	036343	038787
021293	023710	026040	028324	030843	034102	036375	038833
021299	023745	026069	028328	030845	034201	036400	038843
021357	023782	026247	028371	030867	034223	036453	038919
021359	023796	026335	028432	030891	034229	036459	038970
021362	023839	026352	028546	030903	034245	036499	038976
021380	023847	026360	028553	030911	034275	036599	039040
021394	023864	026419	028649	030948	034290	036625	039115
021415	023916	026484	028681	030971	034302	036650	039142
021421	023931	026555	028699	030995	034305	036696	039176
021462	023949	026575	028742	031032	034326	036699	039463
021504	023989	026616	028788	031069	034347	036703	039489
021536	024058	026668	028809	031072	034402	036736	039509
021552	024069	026804	028870	031098	034424	036788	039543
021572	024101	026808	028895	031185	034465	036855	039558
021632	024182	026841	028915	031248	034499	036873	039643
021652	024187	026869	028922	031340	034541	036905	039681
021693	024243	026870	028933	031473	034584	036958	039691
021711	024250	026938	028977	031494	034594	036966	039699
021714	024341	026962	028981	031543	034615	036979	039767
021727	024356	026990	029026	031690	034657	036994	039780
021829	024373	026997	029036	031747	034712	037071	039798
021879	024384	027047	029040	031762	034718	037075	039799
021931	024428	027068	029095	031767	034748	037089	039802
022036	024440	027089	029110	031877	034899	037107	039851
022039	024446	027106	029192	031931	034912	037182	039866
022048	024482	027162	029207	031959	034940	037206	039938
022061	024540	027180	029212	031989	034967	037208	039949
022109	024669	027218	029232	032101	035065	037283	039997
022145	024714	027236	029359				

Петропавл темір жол бөлімшесі қысқы маусымға әзірлікті баюу жүргізіп келеді. Шаровоз депосында үш цехтың вагон депосының күздің жөндеу цехы үйлерін жөндеу күні бүгінге дейін аяқталған жоқ. Осы сыяқты, кадрлар даярлау, жолдарды жөндеу жұмыстарының жайы тезісіз. Осының салдарынан күздің алғашқы айы —сентябрьдің өзінде-ақ бөлімше жұмыстың негізгі көрсеткіштерін төмендетіп алды.

Жақында болып өткен темір жол бөлімшесі партия активінің жыйналысында бұл жөнінде арнаулы мәселелер қаралып, бөлімшенің қысқы маусымға үлгілі әзірленуі жөнінде тиісті шаралар белгіленді.

Түркия еңбекшілерінің қайыршылық жағдайы

Түркиядағы еңбекшілердің жағдайы туралы айту —ең алдымен, түрк деревнясы туралы айту деген сөз, өйткені, бұл елдің барлық халқының бестен төрт бөлегі (82 проценті) шаруалар болып табылады.

Шығыстың отар және жартылай отар елдерінің ауыл шаруашылығына тән сыйпаттар —феодалдық жер иемденушілік, артта қалған шардымсыз техника, шаруалардың шектен асқан қайыршылығы мен жерсіздігі, салықтың шамадан тыс ауыртпалығы және помещиктердің озбырлығы сыяқтылардың бәрі бұл елге тән жағдай. Бапталатын барлық жердің шамамен үштен екісін помещиктер иемденеді. Ал, шаруалардың орасан көп бөлегінің (12 миллион шаруа) жері не мүлде жоқ, немесе өз семьяларын асырауға мүлде жетпейтін шаралары ғана бар. Олар помещиктерден жермен участоктерді кіріштілік шарттармен жалға алуға, бапталған жерінің өнімін беріп, батрақ болып жұмыс істеуге мәжбүр болуда. Феодалдық жер иемденушілік түрк деревнясының қайыршылануының басты себебі болып табылады, бұл сөзсіз, бірақ, ол бірден-бір ғана себеп емес. Түркияның орасан көп соғыс шығындары, үнемі арғын отырған салықтар түрінде шаруалардың мойнына аса зор ауыртпалық болып түседі.

Түркияның «Улус» газеті жақында күйініспен былай деп жазды: Солтүстік Атлантикалық блоктың басшылары шамадан тыс соғыс ауыртпалығының осы елдің экономикасы мен халқының жағдайына қандай әсер ететінімен мүлде санаспастан, бұл ауыртпалықтарды Түркияға артып отыр.

Солтүстік Атлантикалық одақтың 60 дивизиясынан, деп жазды осы газет, 21 дивизияны Түркия, 10 дивизияны —Греция, 29 дивизияны блокқа қатысушы басқа он екі ел, соның ішінде Англия, Франция және АҚШ беруге міндетті. Соның өзінде, деп көрсетті газет, «біздің деревнялардың тұрмыс дәрежесі... еске алынбай отыр, ал бұл деревнялардың көп-

Пленум қаулысын насихаттау

«Борьба за коммунизм» колхозының (Совет ауданы) бастауын партия ұйымы СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын колхозшылар арасында кеңінен насихаттауда. Партия ұйымы үгітшілердің көмегімен өткізіп, Пленум қаулысын түсіндіру жөнінде нұсқау берді. Сөйтіп, үгітшілерді колхозшылардың жұмыс істейтін орындары мен тұратын жерлеріне жарай бөліп, село адамдарының саяси үгітпен толық қамтылуын ұйымдастырды.

Үгіт коллективінде 27 адам жұмыс істейді. Олардың көпшілігі, атап айтқанда, үгітшілер Мұқанов, Голушко, Божко, Игнатенко жолдастар егіс бригадалары мен

мал фермаларындағы колхозшылар, механизаторлар үшін СОКП Орталық Комитетінің Пленумы қаулысы жөнінде қазіргі күндің өзінде 3-4 рет енгізіліп отырды. Үгітшілер өздерінің әңгімелерін колхоздың алдында тұрған шаруашылық міндеттермен тығыз байланыстырып, село еңбекшілерін ауыл шаруашылығынан оған әрі өркендету жөніндегі күреске белсендіре жұмылдырды.

Колхозшы шаруалар партиямыздың нақаруын зор ауанышпен қарсы алып, ауылшаруашылық жылын үлгілі аяқтау жөнінде еселеген жігермен еңбек етуде.

С. ХАМЗИН.

Совет ауданы, «Борьба за коммунизм» колхозы.

тырымаған, ал 1953 жылғы 1 январьдан бастап тағыда 50 процент артты. Үй-күй жоқ мыңдаған жұмысшылар, ұсақ кызметшілер және жұмыссыздар осының салдарынан бастанасыз қалды. Қалалардың төңірегінде ұсақнеғіз лашықтар салынған тұтас поселкелер пайда бола бастады.

Түркияның агрессиялық Солтүстік Атлантикалық одаққа және агрессиялық «Балқан одағына» қатысуы соғыс базаларын салуға, үлкен армияны ұстауға, қарулануға жұмсалатын орасан зор соғыс шығындарымен байланысты. Тікелей және жанама соғыс шығындары былай (америка «көмегімен») жұмсалатын қаржыны қоспағанда) орасан көп сомасы —1.800 миллион түрк лирасына жетті, ал бұл елдің мемлекеттік бюджетінің жалпы сомасы 2.123 миллион лира ғана.

Ұлттық экономиканы соғыс мақсаттарына бағындырумен деревня еңбекшілерінің жағдайын шұғыл нашарлатуға әкеліп соқтырады. Соғыс шығындарының орнын толтыру үшін халықтың мойнына күйзелетін ауыр салықтар салынып, әлеуметтік қамтамасыз ету, денсаулық сақтау және оқу істеріне жұмсалатын оңсыз да шардымсыз қаржы үнемі азайтылуда. Милитаризация елдің финансын әлсіретіп, түрк лирасының құсыдануына, қымбатшылықтың артуына әкеліп соқтырды.

Түрк экономикасы мен мемлекеттік финанстың кризиске ұшыраған жағдайын көрсететін мынадай кейбір мәліметтер келтіруге болады. Түркияның мемлекеттік борышы 1951 жылғы февральмен салыстырғанда 136 миллион лира өсіп, мемлекеттің жылдық бюджетінен едәуір артып сомаға жеткен. Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы үкметтің алды-ала есептеуі бойынша 1953 жылы 163,5 миллион лира болатын көрініде. Сыртқы сауданың тапшылығы өткен жылы 540 миллион лираға жетті. Міне, сондықтан да елдің алтын қоры шұғыл азаяды. Егер 1946 жылы, яғни америка «көмегіне» дейін, алтын қоры 236 тонна болған болса, қазір одан екі есе кемін кетті. Оның бер жағында әмиссиялық банк ешнәрсенен қамтамасыз етілмеген қағаз лираларды оған көптеп шығаруда. Түрк ақшаының салтын алу қабілеті шұғыл құлдырап баратын.

Ешқандай кредит алмайтын және ішкі рынокте америка товарларының күшті бәсекесіне ұшырап отырған Түркияның әлсіз өнеркәсімі құлдырау жағдайында.

ныстық арқылы таратылатындығы ескерілген болатын.

Октябрь аудандық атқару комитеті председателинің орынбасары Перенесева жолдас фельетоқта көрсетілген фактілердің толық анықталғандығын хабарлады. Артельдің балықшылар бригадасының құрамы толықтырылды. Бригада балық аулауға қажетті құрал-саймандармен толық жабдықталды. Артель күшімен жаңа үлкен қайық жасалды. Соның нәтижесінде бригада сентябрь айының алғашқы он күні ішінде 6,5 тонна балық аулап, оны сауда орнына тапсырды.

Сол сыяқты, балық аулаудың 1953 жылғы жоспарын орындауға бағытталған нақтылы шаралар белгіленді.

Түрк еңбекші бұқарасының жағдайы ауыр болған сайын ол өз праволарын қорғау жолына солгүрлім батыл қадам жасауда. Жұмысшылар жалақыны арттыру туралы, сегіз сағаттық жұмыс күнін белгілеу туралы, еңбекті қорғауды қарапайым шараларын жүргізу туралы барған сайын батыл талаптар қоюда. Тоқымашылар, шахтерлер, темекі өсірушілер, америка мұнай компанияларының жұмысшылары жалақыны 50—100 процент арттыруды, қымбатшылық пен жұмыссыздыққа қарсы жедел шаралар қолдануды талап етіп отыр.

Жандармерия мен тұтас деревнялардың шаруалары арасында қарулы соқтығысулар болғандығы туралы мәліметтер түрк баспасөзінде барған сайын жиі басылуда. Түркияның реакцияшыл топтары бұқараның бостандыққа, демократияға және тәуелсіздікке ұмтылған талабын қаталдықпен басып жанауда.

«Сон телеграф» газеті апрельде былай деп хабарлады: юстиция министрлігі 1953 жылғы әргүрлі қалаларда 64 түрме мен түзету үйлерін салуға қаулы алды. Ширек тасырды ішінде, 1925 жылдан 1950 жылға дейін, деп жазды осы газет, Түркияда 58 түрме салынған еді, ал 1951 және 1952 жылдары —68 түрме салынды. «Бірақ үгітіміздегі жылы салынаған түрмелердің қаншын рекордты санға жетеді».

Сонымен, қазіргі Түркиядағы әлеуметтік қатынастарды аса маңызды екі түрлі белгі сыйпаттайды. Біріншіден, еңбекші халықтың қайыршылық жағдайы; реакцияның қала мен деревня еңбекшілерінің праволары мен тұрмыс дәрежесіне көп көлемде шабуыл жасауы. Екіншіден, тап қайшылықтарының шиеленісуі; реакцияның осы шабуылына еңбекшілердің қарсылығы артып, түрк жұмысшылары мен шаруаларының экономикалық және саяси праволары жолындағы күресінің күшеюі. Ал, бұл күрес бейбітшілік пен ұлттық тәуелсіздік қамтамасыз етілген күнде Түркияның еңбекшілері өздері үшін алам жағдайында өмір сүру дәрежесіне жете алады деген сенімді күшейтіп, халықтық санасын оятуда.

Л. ВЕЛИЧАНСКИЙ.

РЕДАКЦИЈАНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат—1-33, партия бөлімі —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі—3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.